

Д.М. Кокеева , З.Е. Искакова , Т.Б. Урумова\* 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан  
e-mail: tokanaiurumova@gmail.com

## ДЖУМПА ЛАХИРИДІҢ «СЫРҚАТТАР СЫРЫ» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ЕКІНШІ БУЫН МИГРАНТТАРЫНЫҢ МӘДЕНИ БІРЕГЕЙЛІК ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Үнді диаспора авторларының арасындағы тақырып аясының бірегейлігі мен қайталанбас жазу стилі арқылы ерекшеленетін талантты жазушылардың бірден бірегейі – Америкада қоныстанған екінші буындағы бенгалдық мигранттар өкілі Джумпа Лахири болып табылады. Өзі мен өз әулетінің өмір тәжірибесіне сүйене отыра Лахири өз шығармаларында да өз атамекенінен ажырап, жаңа елге жарқын өмір іздеп келген үнділік мигранттардың тағдырын баяндайды. Жазушының 1988 жылы жарық көріп, әдебиет әлеміндегі ең бағалы марапаттарының бірі Пулитцеров сыйлығын иеленген «Сырқаттар сыры» («Interpreter of Maladies») жинағы да осы Америкаға қоныс аударған бенгалдық мигранттардың бірегейлік мәселелерінің төңірегінде өріледі. Мақалада осы жинақтың ішіндегі екінші буын мигранттарының бірегейлік мәселелері сөз болатын әңгімелер мен олардың сол мәселелерін шешу жолдары қарастырылады. Бірінші буынға қарағанда өздері үшін таныс, әрі туған болып табылатын Америкада дүниеге келген олардың үнділік дәстүр-салттар мен құндылықтар аясында тәрбиеленіп, бірақ батыстық қоғамның ережелерімен өмір сүруі – оларды өз бірегейліктерінің төркінінен адасуға әкеледі. Өз кезегінде мақала осы екінші буын мигранттарының бұл мәселелесін постколониалды зерттеулерге сүйене отыра талдауға талпынады.

Аталмыш мақаланың негізгі мақсаты – Лахиридің өзіндік тәжірибесіне сүйене отыра баяндалған және дәл осы екінші буын мигранттарына ғана тән гибриді бірегейліктері мен амбивалентті тиесіліліктерінің табиғатын ұғыну болып табылады. Мақала диаспора әдебиетіндегі мигранттардың бірегейлік тақырыбына жаңа қырдан, буындар арасындағы айырмашылық тұрғысынан қарауға және тек екінші буын өкілдеріне тән бірегейліктің қырынан қарауға шақырады. Мақаланы жазу барысында әдебиеттанудың зерттеу әдістері, атап айтқанда, биографиялық әдіс, мәдени-тарихи, тарихи-генетикалық әдістер мен кейіпкерлердің бірегейліктерін тереңірек түсіну үшін психоаналитикалық әдіс қолданылды.

**Түйін сөздер:** Джумпа Лахири, үнді диаспора әдебиеті, гибриді бірегейлік, тиесілілік, екінші буын мигранттары.

D.M. Kokeyeva, Z.Y. Iskakova, T.B. Urumova\*  
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan  
\*e-mail: tokanaiurumova@gmail.com

### Problems of cultural identity of second-generation migrants in Jhumpa Lahiri's «The interpreter of maladies»

Among authors of the Indian diaspora, Jhumpa Lahiri, a second-generation Bengali migrant who settled in America, is one of the most talented writers with a distinctive subject matter and a unique writing style. Drawing on the life experiences of herself and her family, Lahiri describes in her works the fates of Indian migrants who left their homeland and came to a new country in search of a better life. The author's collection «Interpreter of Maladies», which was published in 1988 and won one of the most valuable awards in the world of literature, the Pulitzer Prize, also deals with the identity of Bengali migrants who moved to America. This article examines the collection's stories about second-generation migrants, raising issues of identity and how they are addressed. Being born in a land alien to their relatives but native to America, being brought up on Indian values but living in American society raises a serious question about the identity of the protagonists. In turn, this article attempts to analyze this issue of second-generation migrants through postcolonial studies.

The main purpose of this article is to understand the nature of hybrid identities and ambivalent relationships described by Jhumpa Lahiri's personal experiences and which are unique to these second-generation migrants. The article calls for a fresh look at the topic of migrant identities in diasporic lit-

erature, from the perspective of generational difference and second-generation identities. The research methods of literary studies, such as biographical method, cultural-historical, historical-genetic methods were used in writing the article. And also, psychoanalytical method was used for deeper understanding of characters' identity problems.

**Key words:** Jhumpa Lahiri, Indian diaspora literature, hybrid identity, belonging, second generation migrants.

Д.М. Кокеева, З.Е. Исакова, Т.Б. Урумова\*

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

\*e-mail: tokanaiurumova@gmail.com

### **Проблемы культурной идентичности мигрантов второго поколения в произведении «Толкователь болезней» Джумпы Лахири**

Среди авторов индийской диаспоры Джумпа Лахири, представительница второго поколения бенгальских мигрантов, обосновавшихся в Америке, является одной из наиболее талантливых писательниц, отличающихся своеобразием предметной области и неповторимым стилем письма. Опираясь на жизненный опыт себя и своей семьи, Лахири описывает в своих произведениях судьбы индийских мигрантов, покинувших родину и приехавших в новую страну в поисках лучшей жизни. Сборник автора «Толкователь болезней» («Interpreter of Maladies»), вышедший в 1988 году и получивший одну из самых ценных наград в мире литературы – Пулицеровскую премию, также посвящен вопросам идентичности бенгальских мигрантов, переехавших в Америку. В статье рассматриваются рассказы сборника о мигрантах второго поколения, где поднимаются проблемы идентичности и пути их решения. Рождение на чужой для их родственников, но родной для них земле Америки, воспитание на индийских ценностях, но проживание в американском обществе ставит серьезный вопрос об идентичности героев. В свою очередь, в статье делается попытка проанализировать данную проблему мигрантов второго поколения на основе постколониальных исследований.

Основная цель данной статьи – понять природу гибридных идентичностей и амбивалентных связей, описанных на основе личного опыта Джумпы Лахири и являющихся уникальными для этих мигрантов второго поколения. Статья призывает по-новому взглянуть на тему идентичности мигрантов в диаспоральной литературе, с точки зрения различия поколений и с позиции идентичности второго поколения. В ходе написания статьи использовались исследовательские методы литературоведения, в частности биографический метод, культурно-исторический, историко-генетический методы и психоаналитический метод для более глубокого понимания идентичности персонажей.

**Ключевые слова:** Джумпа Лахири, литература индийской диаспоры, гибридная идентичность, принадлежность, мигранты второго поколения.

### **Кіріспе**

Үнді диаспора әдебиеті өзінің азғантай ғұмырына қарамастан мықты жазушылар қатары мен үздік туындыларға бай әдебиет ретінде әлем әдебиетінен өз лайықты орынын алды. Өз отанынан ажырап, басқа жерде қоныстанған халықты диаспора деп атайтынымызды ескерсек, диаспора әдебиеті деп өз атамекенінен жырақта тұратын авторлардың шығармашылығын тани аламыз. Диаспора әдебиетін қандай географиялық аймақта жазылғанына қарамастан, басқа әдебиеттерден оңай ажыратуға болады. Себебі, диаспора әдебиеті өзі туралы, диаспора туралы сөйлейді. Өз атамекенінен ажырған адамдардың мұнын мұндайды, олардың жаңа әлемге әлемге бейімделуін, ескіге беріктік пен одан ажырауын көрсетеді, екі әлем арасындағы өз бірегейліктерін іздеуін баяндайды. Осы тұста шығыстық мә-

дениеттің қайталанбас үлгісі болып табылатын үнділік мәденет өкілдерінің өз құндылықтарына қарама-қайшы батыстық әлемге сапарын бейнелейтін үнді диаспора әдебиеті өзінің тақырыптық аясының кеңдігімен де, қақтығыстық себептерінің алуантүрлілігімен де, еңбектері жоғары бағаланған талантты авторлардың көлемімен де әдебиет әлемінде көптің назарын өзіне аударуда.

Шығыс Бенгалиядан қоныс аударған мигранттар отбасынан шыққан Джумпа Лахири үнді диаспора әдебиетінің жарқын әрі қайталанбас өкілі. Джумпа Лахири – өз тиесілілігін іздеуде басынан өткерген барлық өмірлік сынақтарды жеңіп қана қоймай, оларды шебер түрде ақ парактарға түсіре отыра, көпшіліктің жүрегіне жеткен драмаларға айналдыра алған аса талантты жазушы. Оның асқан тереңдік пен шынайылықпен жазатын кейіпкерлерінің үздіксіз күресі мен ізденісі өзінің диаспоралық тәжірибесінен

алынғандығымен де ерекше. Лахири үнділік эмигранттардың екінші буынына жатады және өзінің шығармаларында ол «формальді түрде Америкада туылмағанымен (Джумпа Лахири Лондонда дүниеге келіп, 3 жасында АҚШ-қа қоныс аударған), ата-анасы мен олардан алдыңғы буындарға қарағанда американдықтарға жақынырақ адамның көз қарасынан» жазатынын алға тартады (Taylor, 2008). Дегенмен, Лахири диаспоралық автор ретінде бөлшектелген тіршіліктің барлық қорқынышы мен үрейін көрсету үшін өмір шындығын өнердің сиқырлы күшімен араластырады. Осылайша, сан алуан күштер адамдарды өздерінің жылы орындарынан әлемнің тоқтаусыз айналымына итермелеп жатқан дәуірде оның шынайы әрі терең түсінікке ие көзқарасы отандық және шетелдік оқырмандардың жоғары бағасына ие болды.

Оқырмандарды Джумпа Лахиридың екі әлем арасында – атамекен мен бөтен ел арасында эмоционалды және менталды кезіп жүрген үнділік мигранттар әлемі өзіне тартады. Оның Пулицеров сыйлығына ие болған «Сырқаттар сыры» («Interpreter of Maladies», 1999) кітабы осы кезбелердің тағдырын әдемі, әрі әрбір үтір-нүктесіне дейін асқан дәлдікпен сипаттайды. Бұл кітапта мына тұрмыстың екі шетінде де бір уақытта өмір сүруге, жаңа, бөтен орта мен бұрынғы орта арасында өзін тең ұстауға мәжбүр мигранттардың тағдыры баяндалады. Және көптеген жағдайларда ішкі және сыртқы қақтығыстарға итермелейтін осы екіжақтылықтары еңсерілмейтін кедергіге айналады. Алайда, мақала Джумпа Лахиридың әңгімелеріндегі тиесілілігі екі мәдениет арасында белгісіз статусында қалған, атамекендері мен отандарының арасын жалғайтын өзіндік көші-қон тәжірибесі жоқ мигранттардың екінші буын өкілдерінің бірегейлік мәселелеріне назар аударуға шақырады.

### **Тақырыпты тандауды дәйектеу Мақаланың мақсаты мен міндеттері**

Біз өмір сүріп жатқан жаһандану заманы түрлі елдер арасындағы шекараларды жойылуымен, адамдардың өз отандарынан ажырап, жаңа аймақта жаңа өмір бастауларымен айқындалатындай. Олар өз отанымен бірге өз ғұмырларының, өз құндылықтары мен жиған-терген мүліктерінің біраз бөлігін де ескі өмірінде қалдыруға мәжбүр. Туған жерлерінен мигранттармен бірге олардың барша жүріп өткен жолында ажырамай, жаңа қонысына көшіп баратын нәрсе – олардың өздерінің атамекеніне деген тиесілілік сезімі. Бұл

тиесілілік олардың үйіне сағынышын арттыратын сол күндерде қалған адамдар мен орындарға деген ностальгия сезімімен бекіп, жаңа мекендегі кәсіби, саяси, мәдени, кейде тіпті этникалық қақтығыстардың себебіне айналып жатады. Бұл қақтығыстар диаспора өкілдерінің басынан күнделікті өтетіндіктен де, бұл тақырыпты көтеретін әдебиет, жаңа әдебиет, оқырмандар үшін түсінуге де, кейіпкерлердің қайғысына ортақтауға да оңай, әрі көпшілікке таныс.

Диаспора әдебиетінің туындылары әдетте мигрант авторлардың өздері мен өз айналасының тәжірибелерін негізге ала отыра, мигранттардың бастарынан өтетін мәдени, нәсілдік, этникалық, тиесілілік, эмоционалды қақтығыстардың түртүрін сипаттайды. Осы тұста Джумпа Лахиридің шығармашылығында ерекше назарға ие болатын дүние – бұл оның мигранттардың бірінші буындарына қарағанда азырақ қарастырылатын екінші, үшінші буын өкілдеріне көбірек назар аударып, оларға туғаннан бері бекіген «бөтен» статусына қарамастан өз тиесіліліктерін іздеуі, осы жолдарында өздерін жоғалтуы мен мигранттық статустарын қабылдап, тек өздеріне тән гибриді бірегейліктерін жасау тәжірибелерін өз кітаптарында шебер баяндауы болып табылады. Автордың сөздеріне сай бұл шығармаларда ол өз басынан өткізген сәттері мен сезімдерін де жасыратынын ескерсек, онда бұл туындыларды біз екінші буын мигранты атынан баяндалған шынайы өмірдің көріністері ретінде қабылдауымыз қажет. Бұл кейіпкерлер үшін өздері дүниеге келген төл отандары ата-анасы үшін бөтен мекен болып табылады. Осы кереғарлықтың нәтижесінде бұл кейіпкерлер өз ата-аналары секілді, кейде тіпті олардан да бетер адасу сезімі мен бірегейліктерінен айрылу мәселелерін бастарынан кешіреді. Ата-анасының өз атамекендеріне деген сағынышы, ондағы естеліктері туралы толассыз әңгімелер мен үнділік мәдени құндылықтарға беріктіктігінің аясында өскен екінші буын мигранттары өз ойларында осы атамекенге деген жалған сағыныш пен бауырмалдықты жасап алады. Дегенмен, бұл иллюзиялары оларды өздері туғанынан өзін қоршаған қабылдаушы қоғамда оларды «бөтен» статусын иелендіріп, өздерінің қаншалықты бұл мәдениеттен де ада екендерін түсінуге мәжбүрлейді.

Мақала Джумпа Лахиридің әңгімелеріндегі мигранттардың екінші буын өкілдерінің бірегейлік мәселелерінің сырын ұғуды мақсат етеді. Мигранттардың бірегейлігі қалыптасатын екі мәдениет арасындағы үшінші кеңістіктің көрінісін, осы жерде олар ие болатын гибриді

бірегейлікті табуын зерттейді. Олардың өздерін қоршаған американдық күштің ықпалына ұшырай отыра, үнділік мәдениетке беріктіктерін сақтауға тырысуы, туған және жаңа бірегейліктері арасындағы таңдауы, осы жолдағы олардың жай-күйі мен шешімдері, түйген ойлары мен алған сабақтары қарастырылады.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланың қолданылған әдебиеттер негізін ағылшын тілді ғалымдардың еңбегі құрағаны таңқаларлық жайт емес. Ең алдымен мақала Джумпа Лахиридің «Сырқаттар сыры» еңбегі жайлы болғанымен, мақаланың тірегін осы жинақтың «Пирзада мырзамен өткен кешкі астар», «Уақытша құбылыс», «Құтты үй» әңгімелеріндегі екінші буын мигранттарының мәдени бірегейлік мәселелері құрады. Үнділік диаспора авторларының ішінде Джумпа Лахири тек қана ең танымалы ретінде ғана емес, зерттеушілер тарапынан өз шығармаларына көптеп назар аударған жазушы ретінде де ерекшеленеді. Көптеген зерттеушілер Лахиридің шығармаларын олардың кейіпкерлерінің басынан өтетін этникалық, нәсілдік немесе мәдени мәселелерін талдауға тырысады. Сондықтан да, мақаланы жазу барысында Хирал Макван, Шия Тейлор секілді әдебиеттанушылардың Джумпа Лахири жайлы еңбектері қолданылды. Ғылым әлемінде диаспора авторларын диаспорадан шыққан әдебиетші, сыншы, ғалымдардан артық ешкім зерттемеген болар сірә. Бахаре Бахманпур, Рана Суджата, Раджини Шрикант, Шалин Сингх секілді Батыстағы азиат зерттеушілердің еңбектері тақырыпты диаспора өкілдері ретіндегі көзқарастан түсінуге мүмкіндік берді. Одан бөлек постколониалды әдебиет пен мәдени бірегейлік теориясын тереңірек зерттеу үшін Хоми Бхабха, Эдвард Саид, Дэвид Голдберг секілді іргелі ғалымдардың туындылары қарастырылды.

ТМД ғалымдарының ішінде Глостанова М.В., Толкачев С.П. секілді әдебиеттанушылардың постколониалды әдебиет пен мульткультурализм теориясы жайлы еңбектері мен Шевченко А.Р., Несмелова О.О. сынды зерттеушілердің Джумпа Лахиридің шығармашылығы жайлы жұмыстары мақаланың деректер көзіне айналды. Қазақстандық үндітанушылар тарапынан үнді диаспора әдебиеті немесе Джумпа Лахири шығармашылығы жайлы еңбектер әлі жарық көрмегендіктен, бұл мақала қазақ үндітану ғылымындағы жоғарыда аталған тақырыптар жайлы алғашқы жұмыс болып табылады.

Мақаланы жазу барысында әдебиеттануды зерттеу әдіснамасының әдістері қолданылды. Атап айтқанда, Джумпа Лахири мен оның кейіпкерлерінің арасындағы байланысты зерттеуде биографиялық әдіс қолданылса, кейіпкер мигранттардың өмір-салтын сол замандардағы жағдайлармен байланыстра зерттеу үшін мәдени-тарихи, тарихи-генетикалық әдістер көмекке келді. Одан бөлек мақалада Лахридің әңгімелерін оқи отыра, оларға талдау жүргізуде баяндау әдісі қолданылса, кейіпкерлерінің бірегейлік мәселелерін тереңірек ұғынуға психоаналитикалық әдіс мүмкіндік берді.

### Талқылаулар мен нәтижелер

Жоғарыда аталғандай бұл мақалада Джумпа Лахиридің «Сырқаттар сыры» жинағының төрт түрлі әңгімесі аясында біз екінші буын мигранттарының бірегейлік мәселелеріне тереңірек үңілетін боламыз. Жинақтың ең алғашқы «Уақытша құбылыс» («A Temporary Matter») деп аталатын әңгімесі Америкада қоныстанған екінші буындағы үнділік мигрант Шобаның атынан баяндалады. Оқиға нәрестесінен айырылғаннан соң күйеуімен ажырасу алдында тұрған Шобаның шешіміне әсер еткен уақытша құбылыс – жөндеу жұмыстары салдарынан жарық болмаған 8 кеште орын алады. Бұл күндерге дейін жұбайлардың қарым-қатынасы оларды «өздерінің 3 бөлмелі пәтерлерінде бір-бірінен қашудың нағыз майталмандарына айналдырған еді» (Lahiri, 2019:15). Ал бұл уақытша құбылыс Шоба мен оның күйеуі Шукумардың бір-бірінің алдына келіп, өздерінің уайымдары мен осы уақытқа дейін айтылмаған терең ойларын ақтаруға қажетті жағдайды құрып береді. Бірақ кейіпкерлердің бір-біріне ашылулары олардың некесінің қайта жандануын емес, керісінше аяқталуын жылдамдатады.

Шоба секілді Шукумар да АҚШ-та дүниеге келген. АҚШ-тағы екінші буын мигранттары болу оларға өз бірегейліктері мен оның табиғатын үңіле зерттеп, керек болса жаңа, дербес бірегейліктерін құрастыруға мүмкіндік береді. Шобаның жағдайында оның өз атамекеніне көптеген сапарлары мен үнділік дәстүр-салтқа әлі де берік анасымен жақын қарым-қатынасы оған өз бірегейлігінің амбивалентті қасиетін тереңдеті түседі. Шобаның анасы оларға қонаққа келген сайын үнділік тағамдар пісіріп, үйдің бұрыш-бұрыштарына мінәжат орындарын құрастырып, үнділік салт-дәстүрлерді еске түсіру арқылы олардың үйін кішігірім Үндістанға

айналдырады. Ал бала күнінде әкесімен бірге Үндістанға саяхаттардың орнына американдық жаздық лагерьлерді таңдаған Шукумар өзінің үнділік бірегейлігі туралы сұрақтарға әкесі қайтыс болғаннан кейін ғана жауап іздей бастайды. Өзінің тиесілігін табу мақсатында ол үнділік тарих, мәдениет пен әдебиеті жайлы еңбектерді зерттеуді аса қызығушылықпен жүргізсе де, жеке өзіне тән Үндістандық тәжірибесі мен естеліктері болмағаны оны өкіндіреді. Осындай үнділік әдебиетке қызығушылардың кештерінің бірінде ол Шобамен кездесіп, екеуінің қарым-қатынасы басталады.

Американдық әдебиет сыншысы Шрикант өз еңбегінде «АҚШ-тағы этникалық зерттеулер мен мультикультурализм қозғалысының арқасында Америкада туылған азиялық зерттеушілер өздерінің этникалық және нәсілдік тамырларын іздеуге ынталанды» деп көрсетеді (Srikanth, 2003:96). Бұл оларды өз атамекендерін іздеп, ата-бабаларының мұраларын зерттеуге итермелейді. Әңгіменің басты кейіпкері Шукумар 35 жастағы Үндістан тарихы жайлы докторлық зерттеулерін жүргізіп жүрген зерттеуші ретінде бейнеленеді. Және оның Үндістанға қатысты өз тәжірибесі мен толық қалыптасқан үнділік бірегейлікке ие Шобамен қарым-қатынасы да Шукумардың өз бірегейлігін табуындағы бір қадамына айналады.

Екінші буын мигранттары қабылдаушы мәдениетте туылғандықтан, өздері үшін ендігі «төл» болып саналатын сол қоғамға оңай ассиляцияланады. Бірақ қабылдаушы қоғам тарапынан олар бәрібір бөтен болып қала береді. Хирал Макванның мигранттар туралы мына тұжырымы осы буынның жағдайын дәл сипаттайды: «жаңа қоғамға барынша жақынырақ сіңісу, бәрібір де, диаспораның ол жерде өзін үйдегідей сезінетіндегін білдірмейді» (Macwan, 2014:46). Әңгіменің барысында қараңғыда басталатын өздерінің жүрекжарды әңгімелерін тағатсыздана күтіп отырған жұбайлар өздерінің көршілерінің жарығы бар көшелердегі жиынға шақыртуларынан бас тартады. Бұл бас тарту кейіпкерлерді өздерінің естеліктеріндегі жарықтың жиі болмай қалатын Үндістандағы шам жарығы аясында әңгімелесу дәстүрін таңдауының, американдық бірегейліктеріне қарағанда үнділік бірегейліктерінің алға шығуының белгісіне айналады. Олардың қараңғы кештерде бір-бірімен бөліскен ашылуылары оларға өздерінің шашылған «мендерін» қайта жинақтауға ғана емес, өздерінің американдық емес үнділік болып табылатын бірегейліктерін де қабылдауға көмектеседі. Өз әң-

гімелері барысында жұбайлар бір-біріне үнділік мәдениеттің өздері қабылдай алмайтын тұстары мен басқа мәдениеттерді жаншып, трансформациялануға мәжбүрлейтін американдық қоғамға деген наразылықтарын бөліседі.

Автор Шоба мен Шукумардың ара-қатынасы арқылы бірегейлігі екі түрлі дәрежедегі екі тұлғаның диалогын, дәлірек айтқанда, диалогтың мүмкін еместігін көрсетеді. Үнділік бірегейлікте тәрбиеленіп өскен Шоба қайғылы жағдай орын алғанға дейін нағыз үнділік дәстүрге сай жар болады. Алайда Шукумардың іссапарының уақытында баласын жоғалтып алғаннан соң Шоба үшін бәрі өзгереді. Бұдан былай ол күйеуінің, үйінің жағдайын жасауды тастап, жұмысқа шығып кетеді. Шоба осы уақытқа дейін өзінің үнділік бірегейлігі американдық өмір жағдайында оған ешқандай қауіпсіздік пен жайлы мір сыйламағанын мойындап, ол жайлы Шукумармен бөліседі. Шукумардың да Шобаның үнділік бірегейлігінен ажырап, жұмысқа шыққан сәтінен бастап оған көңілі суып кеткені жайлы шындықты естіген уақытта мәселенің шешімі өзі-ақ анықталады.

Шынында, екінші буын мигранттары үшін екі бірегейліктің арасында тек біреуін таңдап, екіншісі жоқтай өмір сүру ыңғайсыз аяқ киіммен серуендегенге тең. Ол серуендеу барысында өзіне берілген міндетті дұрыс атқарып, аяқты сыртқы ортадан таза ұстағанымен, ол аяқта болған уақыттың еш сәтінде адам өзін еркін сезінбей, барлық ойы оны тезірек шешіп, жайына қалдыру болар еді. Шығарманың соңында жөндеу жұмыстары күткеннен ертерек аяқталып, кештерде жарықтың өшуі доғарылады. Бұл шешім қабылдау уақытының туғанын білдіреді және Шоба бұл некеден шығу жайлы шешім қабылдайды. Шукумар үшін де, Шоба үшін бұл неке диаспорадағы олардың маргиналды халін бірге бөлісіп, екі мәдениет арасындағы адасуын түсінетін өзге өкілдермен тығыз қарым-қатынасты болу қажеттілігінен туған дүние іспеттес екенін түсінеді. Бұдан былай Шукумардың күткен бірегейлігінде өмір сүруді қаламаған Шоба өз бірегейлігін жарықтан іздейді. Ал, өз тәжірибесінің жоқтығын Шобаның естеліктерімен толтырғысы келген Шукумар өз бірегейлігінің мәселелерін сол жарық сөндірулі сәттерде қалдыруды таңдайды. Жоғарыдағы мысалға қайта келер болсақ, Шукумар қанша ыңғайсыз болса да өзіне ыңғайсыз аяқ киімде қала беруді таңдаса, Шоба мигранттардың нағыз гибридті бірегейлігі пайда болатын екі мәдениет арасындағы үшінші кеңістікке өтіп, өзінің дербес бірегейлі-

гін жасауды жөн көреді. Осылайша, Шобаның үнділік бірегейлігі талап ететін патриархалды отбасы үлгісі мен есеппен құрылған некеге қарсы шығуы, оның төл бірегейлігіне деген сатқыныдығының көрінісіне емес, оның өзінің мигранттық болмысына сай өзінің гибриді бірегейлігін жасауына деген алғашқы қадамына айналады.

«Уақытшы құбылыстың» бас кейіпкері Шоба өз бірегейлігін құрастыру жолында өз некесін құрбан етсе, жинақтағы келесі бір «Құтты үй» («This Blessed House») атты әңгімесінде жаңа ғана отасқан жас жұбайлар – Санджив пен Таниманың некесі қауіпті жағдай астында қалады. Енді бұл әңгімедегі оқиға АҚШ-та қоныстанған екінші буын мигранты Сандживтың атынан баяндалады. Әңгіме желісі оның өзі секілді екінші буын мигранты Танимамен енді шаңырақ көтерген сәтінде, яғни олардың бір-біріне ең эмоционалды тәуелді кездерінде орын алады. Өздерінің алғашқы жұбайлық қоныстарына көшіп келген олар өздерінің жаңа үйлерінің түкпір-түкпірінен алдыңғы қожайындардан қалған христиандық бұйымдарды табумен болады. Бұл жағдай Таниманы баладай қуанытып, ол үйге «құтты үй» деген ат береді. Таниманың қуанышын түсіне алмаған Санджив, керісінше, әр бұйымды тапқан сайын ашуланып, ескі қожайындарға шағымданып жүреді. Өзінің есімін ағылшыншалап Твинкл деп атауды сұрайтын Танима – екінші буындағы диаспора өкілі ретінде өз бірегейлігін толығымен танып, қабылдаған кейіпкер болып табылады. Бұл жайлы постколониалды теориялар зерттеушісі, профессор Бахаре Бахманпур өзінің «Сырқаттар сыры» жинағы жайлы мақаласында Таниманың «Басқаның» мәдениетінде ұзақ уақыт бойы өмір сүргендіктен, ол өзі үшін осы қоғамда жайлы күн кешіп, басқаларға қарағанда көбірек жетістікке жетуге мүмкіндік беретін гибриді бірегейлікті жасап алғандығын айтады (Bahmanpour, 2010:47). Танимаға дәл осы бірегейлігі түрлі мәдениеттер арасында еш жаракатсыз көшіп-қонуға мүмкіндік береді және сол үшін де үйден табылып жатқан бұрынғы қожайындардың мүлкі оның бірегейлігін еш қатер астында қалдырмайды. Жиырма жеті жастағы Танима Сандживпен танысар алдын ғана өзінің американдық жігітімен ара-қатынасын аяқтаған еді. Үнділік дәстүрге берік жігітпен некеге тұрғанына қарамастан, Танима дәстүрлі үнділік әйелдер секілді күні бойы ас үйде үнділік тағамдар дайындаумен шұғылданбайды. Оның орнына ол дүкеннен алдын-ала дайындалған піскен тауық пен басқа да

тағамдарды сатып ала салады. Ал үй шаруасымен айналысқанды ол мүлдем ұнатпайды, тіпті, ас үйдегі үнділік дәмдеуіштер жасауға арналған блендерді қолдануды да білмеді. Дәл осындай Танима мен Сандживтің қарым-қатынасын әңгімелей отыра автор үнділік дәстүрге сай, есеппен құрылған некенің, бірі ешбір бірегейлікке тәуелсіз, ал екіншісі өзінің төл бірегейлігіне барынша берік екі мигранттарың арасындағы қарым-қатынасының шиеленісін көрсетуге тырысады. Осы тұста үнділік диаспора арасындағы өз диаспорасының өкіліне ғана үйлену дәстүрінің бүгінгі таңға дейін көп отбасыларда сақталып қалғанын да айта өту керек. Санджив кейіпкері бізге қабылдаушы қоғамның доминантты мәдениетінің ықпалына еріп кетуден өзін барынша тыятын үнділік мигранттың бейнесін көрсетеді. Дегенмен әңгімені оқуды жалғастыра отыра біз бұның тағы да жай қарсылықтың иллюзиясы екенін ұғынамыз. Өз алдына Санджив Массачусетс университетінің түлегі. Ол АҚШ-тың тұрғыны ретінде өзіне берілген барлық мүмкіндікті шебер пайдалана білгендіктен өз жұмыс істейтін компанияның вице-президентіне дейін өскен. Оның қарамағында он шақты қызметкері мен жеке хатшысы жұмыс жасайды және анасының айтуы бойынша ол үш отбасыны толық қамтамасыз ете алатын материалдық жағдайға ие. Өзінің бос уақытында Санджив классикалық музыка тындағанды ұнатады, сондай-ақ барша патриархалды ұстанымдарға қарамастан Танимаға қарағанда үй тірлігімен көбірек айналысады. Ол дәл осы өзін қоршаған батыстық сән-салтанаттан, мұндағы өмір өзіне сыйлайтын барлық мүмкіндіктер мен артықшылықтардан ләззат алады. Бірақ Санджив Танимаға қарағанда бірегейліктің өзге түріне ие, себебі ол мұның барлығына қарамастан өзін осының бөлігі ретінде мойындаудан бас тартады. Сол үшін де олар дәрістерден шаршап шыққанда қаланың келесі бұрышындағы үнділік ресторанға барып, үнділік тағамды рехаттана жейді, үнділік музыкаларды тыңдайды және танима биікөкше киіп өзінен биік болып кеткен сәттерде ашуланады. Санджив өз санасында үнділік дәстүрлі патриархалды көзқарастарға тәуелділікті көрсетеді және Таниманың да үнділік мәдениет пен құндылықтарды қабылдап, қастерлегенін қалайды. Сол үшін де жаңа үйден табылған христиандық бұйымдарға қуанған Танимамен оларды лақтырып тастау үшін күн сайын жанжалдасады. Дегенмен де оның бойындағы бұл агрессия өз болмысындағы үнділік мәдениеттің соңғы бөліктерін сақтап қалуға деген ұмтылысынан туындайды.

«Құтты үйдін» тұрғындары бірегейліктерінің екі түрлі табиғаты оларға болып жатқан жайтты екі түрлі кештіртеді. Танима өзі тиесілі деп санаған екі мәдениетті де қабылдап үйренген және ол екеуінің арасында ойы ауыса алады. Санджив, керісінше, өз мәдениетінің символдарынан басқасын қабылдай алмайды және өзінің сол басқа мәдениет ішінде қолайлы өмір сүріп жатқанын мойындамайды да өзін сол басқамен араласып кетуден тыяды. Десе де Санджив та, Танима да тиесілі диаспора қоғамына сай келетін мультикультурализм концепциясы көптеген мәдениеттердің бар екендігін мойындау мен ешбір азшылықтың мәдениетінің маргиналданып, бөтен болып кетуіне қарсы тұру болып табылады. Осылайша, бұл орта аралас мәдениеттердің түрлі аспектілерін қабылдау мен мақұлдауды алдыңғы орынға қояды. Танима осы ортаның бұл заңдарын қабылдағандықтан, ол басқа мигранттар секілді әрдайым бөтен статусындағы өмір мен кезбеліктен өзін босатып алады. Бірақ, шын мәнінде, Танима бұл американдық өмір салтын қолдан жасаған жоқ. Бұл өмір салты оны туғалы қоршағандықтан, ол жай ғана оларға ере береді және бұл үшін үнділік құндылықтар алдында еш ұят сезінбейді. Ол бұл «Басқаның» мәдениеті мен өмір салтын қабылдап қана қоймай, Америкада туған үнділік ретіндегі өз бірегейлігін де мақтаншыпен иемденеді. Бұл тұста Санджив секілді бірбеткей кейіпкерлер де өздерінің бірегейлігінің гибриді түсын қабылдай алатынын айта өту керек және Санджив бейсаналы түрде оны қабылдап қойған да. Бірақ, саналы түрде ол өзінің американдық бірегейлігін мойындауды үнділік бірегейлігіне жасалатын сатқындық ретінде түсінеді де, гибриді бірегейлік деген бір бірегейліктің пайдасына қарай біреуін жығу емес екенін қабылдағысы келмейді. Танима өз бірегейлігінің гибриді сипатын қабылдау үшін, ең алдымен, Сандживтің ашуы секілді, өз туған диаспора өкілдерінің тарапынан туатын кедергілерге және қабылаушы мәдениеттің тарапынан болатын қыспаққа төтеп бере алды. Джумпа Дахири де өзінің өткен күндерін еске ала отыра, өзін американдық деп атаудың әлі күнге дейін қиын екендігін айтады: «Екінші буындағы мигранттар үшін көзбелік, жалғыздық пен бөтендік, өз әлеміңнен ажырағаныңды түсіну мен оны сағыну, өздерінің атамекендерімен тығыз байланыстары, естеліктері бар бірінші буындағы мигранттарға қарағанда әлдеқайда қиын. Мен толықтай тиесілі бір де бір мекеннің жоқтығы мені бала күнімде көп алаңдатын. Қазір ол мені қатты мазаламайды» (Taylor, 2008).

Таниманың кейіпкері арқылы біз екінші буын мигранттарының ішіндегі өздерінің бірегейлік жарақаттарын жеңген, өз өмірлеріне қажетті қолайлы жағдайды жасап алған, өздерін тапқан жеңімпаздарды көреміз. Бұндай кейіпкерлердің жеңісі, әрине, Санджив сияқты өзін танудан қашатын, жаңаны қабылдап, оған бейімделу, туғанды сату секілді болып көрінетіндердің ашуын тудырады. Осы ашу әңгіме соңына дейін Сандживпен бірге болады. Бірақ, егер біз бұл ашудың өзегіне үңілер болсақ, оның Сандживке оның ата-анасынан, өз атамекенін тастап кеткендері үшін өздерін кінәлі сезінетін бірінші буын мигранттарынан берілгенін түсінер едік. Дәл осы кінә аясында тәрбиеленгендіктен Сандживтің өзі мүлдем танымаса да үнділік болғаны үшін ғана Танимамен үйленуінің, Таниманың бойында дәстүрлі үнді әйелдеріне лайық дым болмаса да оған берік болуының, керек десе, тіпті оның міндеттерін өз мойнына алуының да себебі айқындалады. Әңгіменің соңы жұбайлардың үйіне қоныс тойға жиналған қонақтарға үйден табылған барлық христиандық бұйымдарды қуана көрсетіп жүрген Танима мен оны асқан қызығушылықпен тыңдап жүрген қонақтарды кеш бойы бақылап, өзінің жеңілгенін түсінген Сандживтің күрсінудімен аяқталады.

Танымал постколониалды зерттеулер теоретигі Хоми Бхабха Танима секілді екінші буын мигранттарының өздерінің гибриді бірегейлігін қалыптастыру сәтін «тергеу сәті» деп атайды. Бұл сәтте субъект колониалды билік тарапынан ғана емес, өзі тиесілі диаспора тарапынан да сұралады. Себебі, енді олар екі жақтың өкілдеріне де толықтай ұқсамайды. Және бұл жағдайда оның жауабы өзін таныстырудан алдын, мәдениет пен саясат, қалаулар мен тілектер туралы сұрақтардың жауабына айналады. Мигранттық болмыс туған «Менге» айналған кезде, ол үнділік диаспораның өзге мүшелері үшін «Басқаға» айналады. Осылайша, мигранттық бірегейлік «бір уақытта сіз бізбен біргесіз де, бізге қарсысыз да» деген ұстанымның көрінісіне айналады. Бірақ, мұндағы Танима секілді жеңімпаз мигранттардың басты артқышылығы – басқалардың өздері туралы ойына қарамастан бақыты және толыққанды болуын жалғастыра беруі мен олардың бұл күйі осы жеңістерін одан әрі мәнді ететіні болып табылады.

Жоғарыдағы әңгіме кейіпкерлері Шоба да, Сандживте да өздерінің бірегейліктері жайлы сұрақтарға жауап іздеп, оларды шешумен ересек шағында айналыса бастайды. Дегенмен жинақтың келесі бір әңгімесінде Джумпа Лахири

оқырмандарды бұл сұрақтардың енді мазалай бастайтын кезеңіне, яғни, екінші буын мигранттарының бала кезеңіне алып келеді. «Пирзада мырзамен өткен кешкі астар» («When Mr. Pirzada Came to Dine») атты әңгімесі Үндістаннан АҚШ-қа қоныс аударған бенгалдық отбасында дүниеге келген он жасар Лилияның атынан баяндалады. Әңгіме Лилияның отбасының күн сайынғы қонағы Пирзада мырзаның оқиғасын баяндайды. Ол Британдық Үндістанның тәуелсіздік алғанынан кейінгі өзінің үнділік пен пәкістандық тиесіліктерінің арасында өз орнын іздеп жүргенінде бангладештік азаматтыққа ие болған мигрант. Айта өтер жайт әңгімедегі жайт 1971 жылдардағы Бангладештің тәуелсіздігі үшін орын алған азаматтық соғыстың тұсында орын алады. Осылайша, автор Пирзада мырзаның бірегейлік мәселесін тек қана мораль тұрғысындағы сұраққа ғана емес, оның азаматтығы мен ұлттық бірегейлігі тұрғысындағы ізденіс сұрағына айналдырады. Пирзада мырзаның атамекені Шығыс Пәкістанда әйелі мен қыздары қалған және болып жатқан жайттар себебінен ол олармен хабар алмасудан қалады. Бұл оның жырақтағы күндерін одан әрі төзгісіз ете түседі. Пирзада мырзаның бұл арпалысы он жасар Лилияның назарын тыс қалмайды. Үндістаннан көшіп келген ата-анасының үнділік құндылықтарға беріктігі мен өзінің айналасындағы американдық ортасының ықпалында қалған оны өз бірегейлігі жайлы сұрақтар ерте мазалай бастайды. Пирзада мырзаның өз үйіне қонаққа келе бастауы жайлы Лилия былай еске алады: «Үй жақтағы супермаркеттерде қыша майлары сатылмайтынына, дәрігерлердің үйге келіп емдемейтініне, көршілердің ескертусіз қонақтамайтынына ата-анам кейде бір-біріне шағымданатын. Тіпті өз отандастарын табу үшін, олар университеттің мекен-жай анықтама-лығын ақтарып отырып, үнділіктердің аты-жөнін түртіп алып отыратын. Пирзада мырзаны да олар тап осылай тауып алып, үйге қонаққа шақырды» (Lahiri, 2019:40).

Пирзада мырзаның үнділік сырт келбетін, сөйлейтін тілі мен үстелдің басындағы мәнерін, бәрін-бәрін өз ата-анасына ұқсатқандықтан Лилия оны «үнділік мырза» деп атай бастайды. Бірақ, бұл атауын өз ата-анасының жанында айта қойғаны сол екен, оған әкесі: «Пирзада мырза – бенгалдық, бірақ ол мүсылман. Сондықтан ол Үндістанның емес, Шығыс Пәкістанның тұрғыны... Қарашы, Лилия, бұл мүлде басқа ел, сондықтан да, ол картада басқа түспен боялған», - деп, Пирзада мырзаның туған жерін картдан тауып, көрсетеді. Пирзада мырзан өзінің үйінде

өткізген кешкі астарда мұқият бақылаған Лилия үшін, оның өз отбасынан артықшылығын көріп, әкесінің сөздерін түсінуі қиынға соғады. «Мен түк те түсіне алмайтынмын. Пирзада мырза да, менің ата-анам да бір тілде сөйлейтін, бір қалжыңға күлетін, бірдей түр-әлпетке ие еді, мари-надталған мангоны жеп, күнде кешке күрішті қолмен асайтын. Тура менің ата-анам сияқты Пирзада мырза да үйге кірерден бұрын аяқ-киімін шешетін, ас қорытуды жақсарту үшін тамақтан соң фенхель шайнайтын, ішімдік ішпейтін, кешкі астан соң піспенанды шайға малып жеп ұзақ отыратын» (Lahiri, 2019:41). Тәуелсіздік алғаннан кейін Үндістан мен Пәкістанның екіге бөлінуі туралы баяндай отыра, Лилияның әкесі үнемі Американың білім беру жүйесін де сынап отыратын: «Сен өзі онда қазір не болып жатқанын білесің бе? Ал, Шығыс Пәкістанда тәуелсіздік үшін күрес жүріп жатқанын ше?... Сендер мектепте нені оқисыңдар өзі? Тарих, география өтесіндер ме?», – деп әкесі Лилияны тергеудің астына алған уақыттарда, оның анасы: Біздің қызымыз мектепте көптеген пайдалы дүниелерді оқиды. Біз қазір осы елдің тұрғындарымыз, ал Лилия болса осы елде дүниеге келген. Егер біз өзіміздің елде тұрсақ Лилияға жақсы мектеп табу үшін қанша қиналатын едік. Лилия жарық болмаған кештерде май шамның жарғына телміріп, сабағын әрең оқып отырушы еді. Қосымша дайындалу деп, бітпейтін емтихандар деп, қалай миымыз аштынын тағы да ойла! Ал мұнда бұл қыз Үндістан мен Пәкістанның бөлінуі туралы қайдан білсін», – деп Лилияны ақтап алатын (Lahiri, 2019:43). Әрине, өз туған жеріне деген толассыз сағыныштар аясында әкесі Лилияның өз атамекеніне, оның тарихына өзіндей қызығушылық танытып, кешкі астың басында күн сайын қосылып тұратын Үндістан туралы жаңалықтарды мұқият тындап, түсінгенін қалайды. Шынында, Лилияның әкесінің кейіпкері бірінші буынның мигранттарының ата-ана рөліндегі қарапайым, әрі танымал үлгісі болып табылады. Азиядан шыққан американдықтардың өз атамекендеріне деген қызығушылығы мен ұмтылысы жайлы сөз қозғай отыра, әдебиеттанушы Раджини Шрикант бұл ұмтылыс олардың АҚШ азаматы ретіндегі онсыз да ауыр жағдайын одан әрі ушықтыруы мүмкін екендігін айтады. Тіпті бұл ұмтылыс олардың осында туып өскеніне қарамастан, олардың азиаттығы негізіндегі бөтендіктерін алға шығарып, олардың басқа американдықтардан өзгешелігін айқындап, олармен қарым-қатынасына сызат түсіруге дейін баруы мүмкін екендігін ескертеді. Осы тұста диаспора-



дағы балаларға қатысты білім жүйесін туралы Шрикант былай дейді: «Бұл жағдайда нағыз педагогтың мақсаты жай ғана налып отыра беру емес, шәкірттеріне трансұлттық мәселелер мен диаспоралардың даму тенденциялары жайлы аналитикалық тұрғыда ойлауды үйрету... Олардың назарын жергілікті мәселер мен трансұлттық мәселелер арасындағы күрделі байланысты ұғынуға аударту» (Srikanth, 2003:96). Бірақ та, бұл диаспораларды қабылдаушы қоғамның бәрі осы үлгіге лайық құрыла бермейді. Және мұның мысалын біз Лилияның мектептегі ұстазының әрекетінен байқай аламыз. Пирзада мырзамен өткен кешкі астардан кейін Лилия мектеп кітапханасынан Пәкістан жайлы кітаптарды іздеп, зерделей бастайды. Бірде оның осындай кітап оқып отырғанын көрген ұстазы кітапты тап бір киімге жабысқан қоқыстай саусақтарының ұшымен менсінбей көтеруі және Лилияға оқу жоспарында жоқ кітаптарды оқымауын бұйыруы – оның образында автордың АҚШ-тың білім беру жүйесін бейнелегенін аңғартады. Постколониалды теорияларға жүгінсек, бұрынғы отаршыл державалар өздерінің ішінде қандай мәселелер өзекті болып жатқанына қарамастан әрдайым өз отарындағы елдердің бірегейлігін сақтап қалуға тырысатын көрінеді. Нәсілдік теориялар саласының профессоры Дэвид Голберг өзінің бір еңбегінде бұрынғы империалистік мультикультуралистік қоғамдардың бағдарламаларында жиі қолданылатын «алуантүрлілікті бірізділікке келтіру», «алуантүрліліктерді біріктіру» деген сияқты ұрандардың шын мәнінде отаршыл биліктердің өз алдына дара мәдениет ретінді қауқарлы мәдениеттерді тек қана шығармашылық шабыттың бір түрі ретінде қалдырып, өзге, үлкен мәдениеттің бөлшегі ретінде көрсетуі арқылы басқаруының әдісі екенін алға тартады. Және осылай білім бері институттары да, басқа да басқару институттары сияқты «гетерогенді құбылыстарды гомогендеп, реттелмегенді реттеп, бір ағысқа түсіреді» (Goldberg, 2005:82). Өз атамекенінің бір бұрышында Бангладештің азаттығы үшін соғыс жүріп жатқанда мектепте орнаған жайбырақат үнсіздіктің мәнін ұғына алмаған Лилия, оны қоршаған американдық ортаның шын мәнінде өзі тиесілі емес орта екендігі жайлы ойлана бастайды.

Әңгімені баяндай отыра автор Лилияны оның айналасының бөтен ретінде шеттеткен ешбір жағдайды айтпағанымен, Лилия Пирзада мырзамен өткен кештердегі әңгімелер мен мектептегі күндерінің арасындағы айырмашылықты байқай отыра, өзі тиесілімін деп са-

нап жүрген әлемінің, шын мәнінде өзі тиесілі әлемнен мүлде басқа екенін түсінеді. Ол өскен американдық қоғам Лилияның өздерінен басқа, батыстық емес мәдениеттің тасушысы ретіндегі рөлге ие болғанын қаламайды. Отаршыл биліктің өз қол астындағы халықтың бәрінің тілін, діні мен ұлтын бөліп жармастан, бір атау беріп, бір жақтайшаға сыйдырғысы келетіні секілді, Лилия да өзінің айналасындағылары үшін жай ғана Америкада дүниеге келген бала. Сондықтан да ол басқа балаларға қарағанда ешбір кемшіліктерге де, артықшылықтарға да ие болмауы тиіс. Бүгінгі толеранттылықты ту еткен жаһандану заманында бұл үдеріс дұрыс-ақ, әрине. Бірақ, дәл осы алуантүрліліктерінің негізінде өз бірегейліктерін қалыптастырып отырған шығыстық мәдениет өкілдері үшін пәкістандықты үнділік деп танудан өтетін қате жоқ. Сондықтан да, Лилияның әкесі оның жай ғана Үндістаннан шыққан американдық болып қалғаны емес, батыстық мәдениеттегі үнділік бірегейліктің тасушысы, үнділік бірегейліктің мұрагері болып қалғанын қалайды. Дегенмен де, екінші буын мигранттары арасында екі мәдениеттің арасында бір бірегейлігін ғана таңдап, өзгесін қалдыра беруі өте сирек орын алады. Ал, Лилия болса, бұл екі бірегейлік арасындағы кезбелікке өз жасынан ерте ұшырайды. Әңгіме соңында Пирзада мырза өзінің отбасына қайтар амалын тауып, Лилияның үйіне кешкі асқа келуін доғарады. Ал өз кезегінде бұл кішкентай Лилияға өзінің енді қайта кездеспейтін адамға деген сағынышының қандай болатынын және Пирзада мырзаның өз туған жері мен отбасынан жырақта жүргенде қандай күй кешкенін сезінуін түсіндіреді. Автор бұл арқылы ата-анасының өз атамекендеріне деген шексіз сағыныш сезімінің Лилияға көшуін, бірінші буын мигранттарының өз жоғалту жақаттарын келесі буындарға беру сәтін шебер суреттейді. Осылайша, кішкентай Лилияның ата-анасына тән үнділік мәдениет пен туғалы өзін қоршаған американдық мәдениет арасынан тек өзіне сай, дербес бірегейлігін іздеуге деген саяхаты басталады.

### Қорытынды

Джумпа Лахиридің жоғарыда талданған әңгімелерінің барлығындағы бірінші буын мигранттары біз қарастырған екінші буын өкілдеріне қарағанда өз отандарына, үнділік мәдениет пен бірегейліктеріне берік. Өз атамекенінен ажырағаннан соң олар өздерінің осы жоғалтуын өз балалары арқылы емдегісі келеді. Сондықтан

да, кейіпкерлер барша үнділік дәстүр-салттар мен құндылықтар аясында, үнділік тиесілілік иелері ретінде тәрбиеленіп, өседі. Ал, олардың күн сайынғы араласатын американдық ортасы, мектеп пен колледж қабырғалары олардың шыққан тегін ескермей, өздеріне сай, өздерімен бірдей, гомогенді, монокультуралистік идеяларға ие болғанын қалайды. Осындай ортада екінші буын үшін өз тиесіліліктерін табу – бірінші буын өкілдеріне қарағанда екі есе қиындайды. Бірінші буын өкілдері қабылдаушы мәдениет өкілдері үшін әрдайым бөтен, қонақ ретінде саналғанымен, олардың артында өздерінің балалық шағы мен естеліктері, туған-туыстары мен таныс аймақтары бар атамекені тұрады. Ал, осы жаңа мәдениетте туған екінші буын өкілдерінен қауым оларды осы елде туылғандықтан өздеріне ұқсас болады деп күтеді және солай тәрбиелейді. Алайда, өз ата-анасының атамекеніне деген сағыныш сырқатының емі болуы тиіс бұл ұрпақ қалайша өзін жаңа мәдениетке тиесілімін деп айтады? Жинақтағы әңгімелердің кейіпкерлері бұл жауапты әртүрлі іздеді. Шоба өзі үшін жайлылық пен қауіпсіздік сыйлай алмаған үнділік бірегейліктен бас тартып, өзіне сай бірегейлікті іздеуге бел буса, Шукумар қанша ыңғайсыз болғанына, арасында байланыс болмағанына қарамастан қайтыс болған әкесінің көзіндегі боған үнділік бірегейлікте қалуды таңдайды. Ал ата-анасы мен мектебінің ортасында жүріп-ақ өзінің екі мәдениетке де тиесілі еместігін түсінген Лилия өз бірегейлігін іздеуге саяхатын ерте жастан бастайлы. Өзінің екінші буын мигранты ретіндегі артықшылықтарын өз жеңісіне айналдырған Танима гибридті бірегейліктерінің арқасында өзіне қажет қолайлы өмір сүріп, одан барынша ләззат ала алады. Ал, Санджив пен Шукумар

сынды өз тұлғасының ерекшеліктерін зерттеп, өздерін танудан бас тартқандар, осы кейіпкерлер секілді әрдайым қараңғыда, өз жеңілістерінен өздері ашуланып өмір сүруге мәжбүр болады. Лахиридің бұл әңгімелеріндегі кейіпкерлерінің өмір жолы мен тағдыры әртүрлі болғандығы оларды осындай әртүрлі шешімдері қабылдауға әкеліп соқты. Бірақ, біз олардың шешімдерін оларға ортақ екінші буын мигранттары ретіндегі болмыстары тарапынан бір сынауықта зерттейміз. Кейіпкерлерінің бірегейлік мәселелерін шебер суреттей алғанымен, екінші буын мигранты ретінде Джумпа Лахири өзінің бірегейлігін түрлі мәдениеттер тоғысында қалыптастырғандықтан, бұл мәселелерден шығу жолын тек өз көзқарасынан, өз тәжірибесінен баяндайды. Қаншама адам болса, соншама пікірдің болатыны секілді, үнді диаспора өкілдерінің әрбір авторының бірегейлік туралы өз айтары бар және таусылмасын да. Мақаладағы әйел кейіпкерлерді Лилия, Шоба және Танима ретімен тізе отыра, біз екінші буын мигранттарындағы гибридті бірегейлік жайлы ойлардың алғашында санада құрыла бастауының, кейін тағдыр тәлкегімен жүріп оның ұмыт болғанын және соның салдарынан туындайтын тұрмыстағы сәтсіздіктерді орын алуын, кейін оны жасауға деген талпыныстың туындауы мен соңында, оның сәтті түзіліп, мигрант ретіндегі өмірді барынша қолайлы етуінің куәсі боламыз. Осылайша, бұл мақала қарастырған автор мен оның кейіпкерлерін зерттеу нәтижесінде гибридті бірегейлікке ие болу – бұл мигранттар үшін ең дұрыс шешім деген шешімге келгенімізбен, әртүрлі өмірлік жағдайларда өмір сүретін барша мигранттар үшін дұрыс шешім – олардың өздері лайық деп тапқаны болатынын естен шығармауымыз қажет.

#### Әдебиеттер

- Bahmanpour, Bahareh. (2010). Female Subjects and Negotiating Identities in Jhumpa Lahiri's Interpreter of Maladies. *Studies in Literature and Language* Vol.1, 43-51.
- Bhabha, Homi K. (2004). *The location of Culture*. New York: Routledge. 408 p.
- Goldberg, David Theo. (2005) Heterogeneity and Hybridity: Colonial Legacy, Postcolonial Heresy. *A Companion to Postcolonial Studies*. 2nd edition, 72-86.
- Лахири Дж. (2019). *Толкователь болезней*. Санкт-Петербург: Аркадия. 253 с.
- Lahiri, Jhumpa. (2000). *Interpreter of Maladies*. Boston: Houghton Mifflin Harcourt. 208 p.
- Macwan, Hiral. (2014). Struggle for Identity and Diaspora in Jhumpa Lahiri's the Namesake. *International Journal of Humanities and Social Science Invention*. Vol.3, 45-49.
- Rana, Sujata. (2010). Diasporic Crisis of Dual Identity in Jhumpa Lahiri's The Namesake. *Language in India*. Vol.10, 177-184.
- Shaleen, Singh. (2008). Diaspora Literature: A Testimony of Realism. An Online Journal of Kashmiri&Diasporic Writing. <https://kashmirlit.org/diaspora-literature-a-testimony-of-realism/> (accessed February 6, 2024).
- Srikanth, Rajini. (2003). "Unsettling Asian-American Literature: When More than America is in the Heart." In *Beyond the borders: American literature and post-colonial theory*, edited by Deborah L., 92-110. London: Pluto Press.
- Taylor, Christopher. Change and Lost. The Guardian. June 21, 2008, Books. <https://www.theguardian.com/books/2008/jun/21/saturdayreviewsfeatures.guardianreview5> (accessed February 6, 2024).

Taylor, Shea. (2008). Interpreter of Maladies: A Rhetorical Practice Transmitting Cultural Knowledge. *Reason and Respect*. Vol.4, Issue 1. Article 2.

Тлостанова М.В. (2008). *От философии мультикультурализма к философии транскulturации*. Москва: РУДН. 251 с.

Толкачев С. П. (2013). Мультикультурализм в постколониальном пространстве и кросс-культурная английская литература. Знание. Понимание. Умение. [http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2013/1/Tolkachev\\_Multiculturalism-Cross-cultural-Literature/](http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2013/1/Tolkachev_Multiculturalism-Cross-cultural-Literature/) (accessed February 6, 2024)

Шевченко А. Р., Несмелова О.О. (2019). Два поколения, два восприятия: Образы иммигрантов в малой прозе Джумпы Лахири. *Филология и культура*. №3(57), 198-205.

Harehdasht, Hossein and Muhammad Atee, Leila Hajjari. (2018). Heirs of Ambivalence: The Study of the Identity Crisis of the Second-Generation Indian Americans in Jhumpa Lahiri's Interpreter of Maladies. *International Journal of Applied Linguistics&English Literature*. Vol.7, Issue 2.

## References

Bahmanpour, Bahareh. (2010). Female Subjects and Negotiating Identities in Jhumpa Lahiri's Interpreter of Maladies. *Studies in Literature and Language* Vol.1, 43-51.

Bhabha, Homi K. (2004). *The location of Culture*. New York: Routledge. 408 p.

Goldberg, David Theo. (2005) Heterogeneity and Hybridity: Colonial Legacy, Postcolonial Heresy. *A Companion to Postcolonial Studies*. 2nd edition, 72-86.

Lahiri, Jhumpa. (2019). *Tolkovatel' bolezney*. Saint Petersburg: Arkadiya. 253 p.

Lahiri, Jhumpa. (2000). *Interpreter of Maladies*. Boston: Houghton Mifflin Harcourt. 208 p.

Macwan, Hiral. (2014). Struggle for Identity and Diaspora in Jhumpa Lahiri's the Namesake. *International Journal of Humanities and Social Science Invention*. Vol.3, 45-49.

Rana, Sujata. (2010). Diasporic Crisis of Dual Identity in Jhumpa Lahiri's The Namesake. *Language in India*. Vol.10, 177-184.

Shaleen, Singh. (2008). Diaspora Literature: A Testimony of Realism. An Online Journal of Kashmiri&Diasporic Writing. <https://kashmirilit.org/diaspora-literature-a-testimony-of-realism/> (accessed February 6, 2024).

Srikanth, Rajini. (2003). "Unsetting Asian-American Literature: When More than America is in the Heart." In *Beyond the borders: American literature and post-colonial theory*, edited by Deborah L., 92-110. London: Pluto Press.

Taylor, Christopher. Change and Lost. The Guardian. June 21, 2008, Books. <https://www.theguardian.com/books/2008/jun/21/saturdayreviewsfeatres.guardianreview5> (accessed February 6, 2024).

Taylor, Shea. (2008). Interpreter of Maladies: A Rhetorical Practice Transmitting Cultural Knowledge. *Reason and Respect*. Vol.4, Issue 1. Article 2.

Tlostanova M.V. (2008). *От философии мультикультурализма к философии транскulturации*. Moscow: RUDN. 251 p.

Tolkachev S.P. (2013). Мультикультурализм в постколониальном пространстве и кросс-культурная английская литература. Знание. Понимание. Умение. [http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2013/1/Tolkachev\\_Multiculturalism-Cross-cultural-Literature/](http://www.zpu-journal.ru/e-zpu/2013/1/Tolkachev_Multiculturalism-Cross-cultural-Literature/) (accessed February 6, 2024)

Shevc'enko A.R., Nesmelove O.O. (2019). Два поколения, два восприятия: Образы в малой прозе Джумпы Лахири. *Филология и культура*. №3(57), 198-205.

Harehdasht, Hossein and Muhammad Atee, Leila Hajjari. (2018). Heirs of Ambivalence: The Study of the Identity Crisis of the Second-Generation Indian Americans in Jhumpa Lahiri's Interpreter of Maladies. *International Journal of Applied Linguistics&English Literature*. Vol.7, Issue 2.

### Авторлар туралы мәлімет

Кокеева Дарига Молдағалиевна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: dariga.kokeeva@kaznu.edu.kz)

Искакова Зауре Ереновна – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zaure.iskakova@kaznu.kz)

Урумова Тогжан Бақытқызы (автор-корреспондент) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының магистрі (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: tokanaiurumova@gmail.com)

### Information about authors

Kokeeva Dariga – Ph.D. candidate, head of the Middle East and South Asia Department of Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dariga.kokeeva@kaznu.edu.kz)

Iskakova Zauere – Senior lecturer at the Department of Middle East and South Asia of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zaure.iskakova@kaznu.kz)

Urumova Togzhan (corresponding author) – Master of the Department of Middle East and South Asia of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: tokanaiurumova@gmail.com)

Келін түсті 5 наурыз 2024 жыл  
Қабылданды 20 қараша 2024 жыл